

Вишневый ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 23 "Вишневый селолық округінің Балықты селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Вишневый ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 5 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 маусымда № 4866 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Вишневый ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Вишневый ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 23 "Вишневый селолық округінің Балықты селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-100 тіркелген, 2009 жылғы 1 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Вишневый ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Вишневый ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:"**;

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Вишневый ауылдық округінің әкімі *С. Кононенко*